

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

100019, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы,
С. Сейфуллин көшесі, 8/2 үй
Тел.: 8 (7212) 44-56-14, эл. мекенжай: umc-ro@umckrg.gov.kz
ЖСК KZ606010191000169583, KZ156010191000163215
БСК HSBKZKX «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСН 120740001225

100019, Карагандинская область, город Караганда
улица С. Сейфуллина, 8/2
Тел.: 8 (7212) 44-56-14 эл. адрес: umc-ro@umckrg.gov.kz
ИИК KZ606010191000169583, KZ156010191000163215
БИК HSBKZKX АО «Народный банк Казахстана»
БИН 120740001225

1-8

№

85

11.02.2021

Қалалық/аудандық
білім бөлімдерінің
басшыларына

Ақпараттық хат

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК қашықтықтан «Жыр Жалын» поэзия әлемі жобасына қатысушы мектептерге арналған ақын Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы мерейтойы аясында «Дүниеге келер әлі талай Қасым» атты облыстық байқау өткізеді.

Осыған орай ақпаратты «Жыр Жалын» поэзия әлемі жобасына қатысушы мектептерге жеткізу қажет.

Қосымша: 4 б.

Директордың м.а.



Б.Абдикерова

Орынд: Казиева А.А.
87074020262

Handwritten signature and name: Kazyeva

004489

БЕКІТЕМІН



«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорының м.а.

Б.Х. Абдикерова
Б.Х. Абдикерова
«11» 02 2021 ж.

«Жыр Жалын» поэзия әлемі жобасы аясында Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына арналған «ДҮНИЕГЕ КЕЛЕР ӘЛІ ТАЛАЙ ҚАСЫМ» атты облыстық байқаудың ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1.1. Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, дауылпаз ақын, аудармашы, аса көрнекті қоғам қайраткері, музыкант Қасым Рақымжанұлы Аманжоловтың 110 жылдығына арналған «Дүниеге келер әлі талай Қасым» атты облыстық байқау оқу-әдістемелік орталықтың жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.2. Байқаудың ережесі (бұдан әрі – Байқау) атаулы шараның мақсаты мен міндеттерін, өткізілу мерзімін, тәртібі мен шарттарын анықтайды.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Мақсаты:

Қасым Аманжоловтың рухани, мәдени мұрасын келешек ұрпақтың санасында жаңғырту, жас ақындардың шығармашылығына қолдау көрсету және еркін елдің жарқын жетістіктерін, өткен тарихы мен кемел болашағын кара өлеңнің құдіретімен қалың жұртшылыққа паш ету, педагог ақындарды анықтау.

2.2. Міндеттері:

- Қасым Аманжоловтың шығармашылық мұрасын зерделеу;
- Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асырудағы Қасым шығармаларының орнын айқындау;
- Қасымның рухани мұрасының зерттелуін және оқу-тәрбие үрдісін жаңғыртудағы өзектілігін насихаттау.

2.3. Байқау қалалар мен аудандардың «Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасына қатысушы білім беру ұйымдарының арасында өткізіледі. Байқауға қатысуға үміткерлерді ұсыну білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарының бастамасы бойынша, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

2.4. Байқауды даярлау және өткізуді басқару Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы іске асырады. Орналасқан мекен-жайы: Қарағанды қаласы, С.Сейфуллин көшесі 8/2.

III. Байқауды өткізу мерзімдері мен шарттары

3.1. Байқау Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 2021 жылдың 15 ақпанынан 25 наурыз аралығында қашықтықтан өтеді.

3.2. Байқау жұмыстары 2021 жылдың 15 ақпанынан 15 наурыз аралығында jyr-jalyn@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады.

3.3. Байқау 2 (екі) номинация бойынша өткізіледі:

- «Өзім туралы...» деректі саундтрек номинациясы Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығына байланысты саундтрек түсіруі шарт. Орындау уақыты 5 минуттан аспауы керек. Байқау әзірлемесі авторлық, яғни байқауға қатысушының тікелей әзірлеуімен мемлекеттік тілде ұсынылады.

- «Барым да, бақытым да осы өлеңім...» номинациясында ақынның поэзиясынан, әдеби-сазды композиция бейнебаян түсіру арқылы жатқа орындайды. Қасым Аманжоловтың өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқу.

3.4. Жұмыстарды бағалау.

3.4.1. Саундтректі бағалау талаптары:

- Таңдап алынған шығарманың өзіндік ерекшелігі;
- Сөйлеу мәнері мен анықтығы (логикалық екпін, дауыс ырғағы, тембр, оқылымның эмоционалдық-экспрессивтік бояуы);
- Мәтіннің бейнелік жүйесі мен мазмұндық құрылымын терең сезіну;
- Байқау жұмысы мазмұнының байқау бағыттарына сәйкестігі;
- Сюжеттік желіні құру қисыны;
- Бейнематериалда IT- қолдану күзiреттiлiгi;
- Дыбыс сапасы.
- Грамматикалық, стилистикалық, орфографиялық сауаттылығы;
- Бейнежазбаның креативтілігі;
- HD (1280x720) бастап Full HD (1920x1080) дейін, формат mp4;

3.4.2. «Барым да, бақытым да осы өлеңім...» номинациясын бағалау талаптары:

- оқыған өлеңнің көлемі
- дауыс ырғағы,
- мәнерлеп оқу шеберлігі,
- сахна мәдениеті,
- музыкамен сүйемелдеуіндегі өлең оқушының үндестігі
- орындау уақыты 3-5 минуттан аспауы керек.

3.5. Байқауға ұсынылған материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.6. 2021 жылғы 15 наурызынан кейін байқауға ұсынылған конкурстық материалдар қаралмайды.

IV. Қорытынды шығару және марапаттау

4.1. Байқаудың ұйымдастыру комитеті Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының қосымша білім беру және ұйымдастырушылық-тәрбие инициативаларын дамыту бөлімі болып табылады.

4.2. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін сараптамалық конкурстық комиссия құрылады.

4.3. Байқауға қатысушылар жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін арнайы қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамына белгілі

акындар, журналистер, ұстаздар кіреді. Қазылар алқасының шешімі соңғы болып табылады және қайта қарастырылмайды.

4.4. Байқаудың әр номинациясының жеңімпаздары дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.

4.5. Жеңімпаздарды жариялау рәсімі **2021 жылдың 25 наурызы күні ZOOM** платформасында өтеді.

**«ДҮНИЕГЕ КЕЛЕР ӘЛІ ТАЛАЙ ҚАСЫМ» атты
облыстық байқауына қатысуға өтінім**

№	Сипаты	Мәлімет
1	Аты-жөні	
2	Туған жылы, айы, күні	
3	Аймағы	
4	Жұмыс орны	
5	Лауазымы	
6	Қатысу номинациясы	
6	Байланыс телефоны	